


«Келісемін»
директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары
Досқалиева Г.К. 



«Келісемін»
мектеп директоры
Есқалиева Б.М. 

31 тамыз 2023 жыл

**Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған 8-сыныптың тәрбие жоспары**

Класс жетекшісі: Оспанова Айнагүл Қармысқызы

2023-2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертені болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шанырағына өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін; - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қаламына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Ар-ұят құндылығы:

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

Талап құндылығы:

- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; .

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;

- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға күштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрсе» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Үшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ

- 1қыркүйек-Білім күні,сынып сағаттары
- 5қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған«Тіл тазалығы»тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі,ақын,ойшыл,ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930жыл
- Қазақ әдебиетінің XXғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі,жазушы,драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80жыл

| № | Іс-шараның атауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мерзімі |
|--|--|---|--|-------------------|
| ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН) | | | | |
| 1 | 1қыркүйек-білім күні «Мектеп- мейірім мекені» | Салтанатты жиын және сынып сағаттары | «Білімге ұмтылу, Еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_dunixштегі | 1-қыркүйек |
| 2 | «Сәлем, жаңа оқу жылы «Еңбегі адал жас өрен») | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 04.09 |
| 3 | Жеті жұрттың тілін біл. Жеті түрлі білім біл. («Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса» жобасы) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 11.09 |
| 4 | Еріктілер ұйымын құру («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) (ЖЖЕ: Жол жүру ережесінің пайда болуы. Жол белгілерінің халықаралық типі) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 18.09 |
| 5 | Отбасы күніне арналған іс- шаралар («Тоғыз айға тоғызшара» жобасы) | Сынып сағаты | Отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар, | 25.09 |

ҚАЗАН-АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1қазан –Қарттар күні
- 5қазан –Мұғалімдер күні
- 25қазан –Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

| № | Іс-шараның атауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мерімі |
|--|---|------------------|--|--------------|
| ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН) | | | | |
| 1 | «Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы) | Сынып сағаты | «Білімге ұмтылу, Еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_duni хэштегі | 02.10 |
| 2 | «Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 09.10 |
| 3 | «Ұстазы мықтының ұстамы мықты» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 16.10 |
| 4 | «Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы) (ЖЖЕ: Қозғалысты реттеу нысандары) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 23.10 |

ҚАРАША-ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15қараша-Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

| № | Іс-шараның атауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мерзімі |
|--|--|------------------|--------------------------|---------|
| ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН) | | | | |
| 1 | «Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 06.11 |
| 2 | «Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 13.11 |
| 3 | Зорлық зомбылықсыз балалық шақ («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 20.11 |
| 4 | «Отбасындағы құндылықтар (ЖЖЕ: Жол белгілері) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары, | 27.11 |

ЖЕЛТОҚСАН—«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

| № | Іс-шараның атауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мерзімі |
|--|---|------------------|----------------------------------|--------------|
| ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН) | | | | |
| 1 | Абайдың қара сөздерін дәріптеу. (ЖЖЕ: Жаңа жүргіншілермен велосипедшілердің міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі) («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 04.12 |
| 2 | Нұрлы елім-елім тәуелсіз Қазақстан | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары, хаттама | 11.12 |
| 3 | «Мен - еріктімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары, хаттама | 18.12 |
| 4 | Төрле төрле Жаңа жыл. | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары, хаттама | 25.12 |

ҚАҢТАР–«ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

| № | Іс-шараның атауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мерзімі |
|--|--|------------------|-------------------------|---------|
| ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН) | | | | |
| 1 | Сынып сағаты (ЖЖЕ: Бастауыш сынып оқушыларымен ЖЖЕ әңгімелері) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 08.01 |
| 2 | «Парасаттылық туралы» («Оқуға күштар мектеп» жобасы) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 15.01 |
| 3 | «Мейірімділік құндылығы» | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 22.01 |
| 4 | «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері» | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 29.01 |

АҚПАН-ОҚУҒА ҚУШТАРЛЫҚ АЙЫ

| № | Іс-шараның атауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталуына | Мерзімі |
|--|--|------------------|-------------------------|---------|
| ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН) | | | | |
| 1 | «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 05.02 |
| 2 | Өзін-өзі ұстау мәдениеті (ЖЖЕ: Жол кылысынан өту және жау жүргіншілер өтпелері. Қоғамдық көлік аялдамалары.) | Саяхат | Суреттер | 12.02 |
| 3 | Кітап білім қазығы | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 19.02 |
| 4 | Ұлттық тәрбие-ұлт кепілі | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 26.02 |

НАУРЫЗ-ҰЛТТЫҚСАЛТ-ДӘСТҮРДІДӘРІПТЕУайы

- 1наурыз-Алғысайту күні
- 8наурыз-Халықаралықкәйелдеркүні
- 21, 22, 23наурыз-Наурызмейрамы
- 27наурыз-Дүниежүзіліктеатркүні

| № | Іс-шараның атауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мерзімі |
|--|---|------------------|-------------------------|---------|
| ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН) | | | | |
| 1. | Алғыс айту парызым (ЖЖЕ: Жол көлік оқиғасы уақытында есінен танған адамдарға берілетін алғашқы медициналық көмек) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 04.03 |
| 2. | «Бәрі де, Ана, бір өзінен басталды» («Ата-аналар мектебі» жобасы) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 11.03 |
| 3. | Амал мерекесі | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 18.03 |

СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

| № | Іс-шараның атауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталуына | Мерзімі |
|--|---|------------------|-------------------------|---------|
| ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН) | | | | |
| 1. | Бір тал кессең, он тал ек («Еңбегі адал жас өрне» жобасы) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 01.04 |
| 2. | Халық қаһарманы қасым Қайсенов | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 08.04 |
| 3. | «Қоқысты қайта өңдеу процесі» (ЖЖЕ: Бұрын шығып кеткен кездегі алғашқы медициналық көмек. Күйікке шалдыққан кездегі алғашқы медициналық көмек) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 15.04 |
| 4. | Денсаулыққа зиянды әдеттерден аулақ бол. | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 22.04 |
| 5. | «Тіімді әрі пайдалы тамақтану негізі» (ЖЖЕ: Аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерге қойылатын техникалық талаптар. Велосипедшілер қозғалысына қойылатын қосымша талаптар) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 29.04 |

МАМЫР-БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

| № | Іс-шараның атауы | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны | Мерзімі |
|--|---|------------------|-------------------------|---------|
| ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН) | | | | |
| 1. | XXI ғасырдың батырлары | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 06.05 |
| 2. | «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 13.05 |
| 3. | «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!» (ЖЖЕ: Қорытынды сабақ) | Сынып сағаты | Сынып сағатының жоспары | 20.05 |